

УДК 81-116.5

ТОПОНИМДІК ЖҮЙЕДЕГІ ЭПОНИМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

Капанова Жанагуль Нурмехаметовна

Kapanova1993@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің магистранты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.Әбдуәлиұлы

Мәдени-әлеуметтік таңбаның бір саласы – қазақ тіліндегі эпонимдік есімдер.

Зерттеуші Г. Күзембаеваның «Қазақ тіліндегі эпонимдік аталымдар» деген мақаласында эпонимдердің тілде қажеттілікке байланысты туындап және қазақ тіл білімі саласында қолдануындағы өзіндік ерекшеліктері болатыны көрсетілген.

Ғылыми әдебиеттерде «эпоним деген сөз біреуге өз есімін беретін деген мағына береді» деп анықталады. Басқаша айтқанда эпоним - басқа оним жасауға себеп болатын атақты адам есімі.

Орыс әдебиетінде *эпоним* терминінің басқа да аталымы бар. Мысалы, мәдениеттанушы ғалым Д.С.Лотте оны «фамилиялық» (атаесімдік) деп атаған [1, 27] Л.И. Шубов бұл терминдер туралы: «Эпонимдік терминдер біз жеке адамдар есімдерінен жасалған терминдерді айтамыз», дейді [2, 16], ал Б.А.Лобач «құрамына жеке адам есімдері енетін терминдер немесе жалқы есімдер» деп жазады. Эпоним атауларының ерекшеліктеріне назар аударған алғашқы ғалым - Д.С.Лотте (1961ж. ал оны әрі қарай дамытқан - В.П.Даниленко.

Эпонимдік есімдерге байланысты мәселенің бірі - жеке адам есімінің семантикасы. Эпонимдік есімдер тобына ғылым, әдебиет, өнер, саясат қайраткерлерінің есімдерімен қатар ғылым тарихында алғаш жаңалықтар ашқан адамдар есімдері де жатады. Мысалы, *Бөкетов, Машанов, Сәтпаев, Менделеев* т.б.

Жалқы есімдерінің семантикасының бір ерекшелігі бұлардың әр түрлі білім салаларындағы көптеген ұғымдарға атау ретінде жұмсауға болатындығы. Мысалы философиядағы бағыттардың, ағымдардың, мектептердің атаулары және сол бағыттар өкілдерінің аттары. Мысалы, *Кант мектебі, Энгельс мектебі* т.б. Медицина да мысалы симптомдарың (белгілерін) емдеу әдістерін, анатомиялық ұғымдарды, бірінші зерттеген және ойлап тапқан медицина құралдарының атаулары. Физикада физикалық модельдер, құбылыстар, заңдар, өлшем бірлігі т.б. Эпоним терминдер - белгілі бір дәуір «куәлары», ғылыми жаңалықтар ескерткіштері. Эпоним атауларына әр саладағы ғалымдардың есімдерімен қатар, өткен ғасырдағы өмір сүрген хандар, билер, басқа да белгілі адамдар

есімдері енеді. Мысылы: *Қасым салған қасқа жол, Абылайдың ақ туы* т.б. Термин эпонимдердің пайда болатын семантикалық өрістер білімнің нақты саласындағы, ұғымдық аппаратында антропонимдер ретінде қолдануындағы өзіндік ерекшеліктері байқалады. Ол терминалогия теориясында қарастырылады.

Қазіргі уақытта эпонимдік аталымдар медицина, химия, математика, геология және басқа да білім салаларында көбірек ұштасады, сондай ақ информатика, экономика және тағы басқа салаларында да қалыптасып келе жатыр. Ежелгі атақты философтар есімдері, олардың идеяларын жүзеге асырған ағымдар мен мектепке берілген: *Сократ мектептері, аристотелизм*. Математикада «*Пифагор теоремасы*» деген термин, физикада «*Архимед заңы*», «*Архимед күші*» деген сөз тіркестері қолданылады.

Қазіргі тіл ғылымында эпоним терминдер қатары жыл сайын толығып, тіліміздің сөздік құрамын байыта түседі. Қазіргі этнонимдер: филологиядағы -*Абайтану, Жұбановтану*, т.б. астрономиядағы - *Сәтпаев кіші планетасы*, геологиядағы - *Сәтбаев тау шыңы*, және т.б. Демек, ол атаулар тілдің әлеуметтік қызметін, динамикасын сипатын дәлелдейді.

Топонимдер жүйесіндегі онтологиялық жағынан антропонимдермен сабақтас қалыптасатын атаулар жүйесі - генотопонимдер.

Генотопонимдік атауларға негізінен жер бедерлері (өзен, көл, тау, жайлау т.б.) мен агиотопонимдер (әулие, киелі кісілердің жерленген жерлері) жатады.

Орталық Қазақстандағы геронократиялық топонимдер туралы жазған А.Жартыбаевтың диссертация жұмысында мынадай топтарға бөлінеді [3, 63]:

1. Рулар құрамындағы аталық тармақтардың аталған жерлерді мекендеулеріне қатысты және ру басы ақсақалдар мен билердің есімдеріне қатысты қойылған атаулары.

2. Ел қорғаны батырлар есімдеріне байланысты қойылған топонимдер

Осы зерттеудің мазмұны мен нәтижелеріне сәйкес рулық құрамындағы аталық тармақтағы қатысты қойылған атаулар Орталық Қазақстан өңірінде *Бес мейрам* бірлестігіне жататын аталар атауларына байланысты сипатталады. Атап айтқанда, *Бес мейрамнан* тарайтын *Болатқожя* (каракесек) руынан *Ақша, Түйте* атты екі ұл туады. Қаз дауысты Қазыбек би Ақшадан туатын Бошаннан тарайды. Қарқаралы каракесектерінің ауызша шежіресінде былай айтылады:

Бошаннан бес ұл туады арыстандай,

Егессе арыстанмен алысқандай.

Таз, Байбөрі, Машай мен Манат, Жанат

Бәрі де қошқар туған арыстандай.

Осы бір атадан тарайтын бес ұлдың басын қосып *Бес Бошан* деп атайды, олар мекендейтіні Қарқаралы өңірі *Бауыр Бошан* елі деп те аталынады. Бошанның үлкен ұлынан Наманай туады. Каракесек шежересінде *Наманайдан Бұлбұл, Бұлбұлдан Шаншар, Шаншардан Келдібек, Келдібектен Қазыбек* туады. Қазақ халқында есімі белгілі, аты аңызға айналған *Қазыбек би*. Өмірінің соңғы жылдарын Арқа даласында өткізеді.

Бес мейрам бірлестігінен тарайтын рулармен көрші қатынаста болған дадан тобықты, тама, бағаналы, тарақты, қанжығалы руларының да өмір сүргендігін тарихи деректер мен аңыз әңгімелер растайды. Олардың арасынан да әйгілі билер шығып, Арқа даласындағы ел басқару істеріне араласып отырған. Олардың даналығы мен тапқырлығын бағалаған халық олардың есімдерін топонимдермен таңбалап, бүгінге дейін әулие санап, олар жерленген өңірлерді солардың атымен атап келеді. Солардың бірі *Жобалай би* көп жылдар бойы дадан тобықты руының болысы болған. Оның шешендігін, тапқырлығын ел қатты сыйлаған. Кеңес өкіметі орнағаннан соң оны болыстық қызмет атқарған үшін қыс айында шанаға салып, орталыққа алып жүреді. Жолда қолы байлаулы *Жобалай* шанадан ауып түседі, орынан тұрып шанаға отыруын бұйырған айдаушыға «*Жобалай керек болса, көтеріп ал*» деген сөзі ел арасында мәтелге айналған.

Орталық Қазақстандағы ел қорғаны батырлар есімдеріне байланысты қойылған геронократиялық атауларының қоғамдағы орны ерекше. Қазақ хандығына қатысты болған тарихи-әлуметтік жайлардың бәрі де Орталық Қазақстан жерінен тыс өтпеген.

Шыңғыс хан мен қазақ хандары ту тіккен Шыңғыстау мен Ұлытау өңірлері - тарихтың қайнар көздері. Осы өңірлерде жауға шапқан *Жалаңтөс (Соқыр)*, *Жидебай*, *Сеңкібай*, *Байғозы*, *Ағыбай*, *Олжабай*, *Күшікбай*, *Қарабас* батырлардың ерлік істері елде жақсы сақталып қалған.

Соқыр - өзен, бейбіт. Қарағанды қаласының оңтүстік шығысында. Атау қаракесек, сарым руынан шыққан Жалаңтөс батырдың есіміне байланысты қойылған. *Жалаңтөстің* батырдың *Соқыр* атауына соғыс үстінде бір көзін шығарып алуы себеп болған. Өз өсиеті бойынша жерленген өзен бойы *Соқыр* - басы, бейіт жанынан ағатын өзен Соқыр өзені деп аталған. *Жидебай* - бейіт, қазіргі Шет ауданында орналасқан. *Жидебай* батыр есіміне байланысты қойылған. Атау қаракесек, әлтеке - сарым руынан тарайды. *Сеңкібай* - бейіт, өлке атауы, Шет ауданындағы. Қуандық ішіндегі алтай қареке руынан тарайды, халық батыры. *Байғозы* бейіті Ақадыр станциясынан 50 км-дей жерде орналасқан. Тарақты руынан тарайды. *Күшікбай* - бейіт, әрі жергілікті халық әулиелі жер ретінде құрмет тұтады. Қуандық, тоқа руынан, халық батыры. *Ағыбай* бейіт, Ақтоғай ауданында. Қаракесек, шұбыртпалы руынан, хан Кенесарының бас қолбасшысы болған. Өмірінің соңында мешіт салдырып, балаларды оқыту ісін қолға алған.

XVII ғасырдағы қазақтың ұлт азаттық көтерілісінің басшыларының бірі *Олжабай батыр*, айдабол руынан тарайтын. Батырдың бергі ұрпағы академик Ә.Марғұланның айтуынша, *Олжабай батыр* 1709 жылы туып, 1785 жылы Ереймен тауының сыртындағы Сілеті өзенінің бойында қайтыс болған. Ол қазіргі Ақмола обылысы, Ерейментау ауданы жерінде.

Жасыбай – көл және Серектас тауындағы асу. Көлдің *Жасыбай* батыр атымен аталуына осы көл жағасында қалмақтармен соғысып, оларды жеңіп, өзі Серектасқа жасырынған қалмақ Құбамергеннің тасадан атылған оғынан осы жерде қайтыс болған. Ол туралы Жанак Жаңабатырұлының «Баянауыл» дастанында жазылған:

....*Жол салған тасты бұзып Жасыбай ер,*
Әркімнің ертедегі-ақ ауызындағы ер.
Арқадан қалмақ ауып өз жеріне
Кеткен соң ат қойылған «Жасылбайкөл»
...Жасыбай кім екенін сұрасаңыз
Жалықпас, тап руы Қаракесек

Осы келтірген мысалдарда қазақ халқының белгілі би, батырлардың есімдері генотопонимдер ретінде кешенді зерттеу арқылы анықталған, әлеуметтік мәні ашылған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лотте Д.С. Изменение значений слов как средство образования научно технических терминов. //Известия АН ССР. Отдел технических наук. Москва, 1941. т.6 – С. 27
2. Шубов Л.И. Практическая транскрипция и эпонимические термины. //Топонимика и транскрипция. – Москва, 1964. – С. 16
3. Жанузаков Т.Дж. Лично-собственные имена в казахском языке. Автореферат дисс. кан. филол. наук. –Алма-Ата, 1960. – С. 56, 45